

**«Әлкей Марғұлан атындағы
Павлодар педагогикалық
университеті» КеАҚ
басқармасының шешімімен
бекітілген
(2026 ж. 26 маусымдағы
№ 4 хаттама)**



**«Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» коммерциялық
емес акционерлік қоғамының профессор-оқытушы құрамы лауазымдарының біліктілік
сипаттамалары**

Павлодар қ., 2026 жыл

1. Жалпы ережелер

1.1 Осы біліктілік сипаттамалары Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті (бұдан әрі – ППУ) профессор-оқытушы құрамының лауазымдарына белгіленеді.

1.2 Университет ОПҚ-ның лауазымдар сыныптамаcы:

- ОПҚ-ның кәсіби өсуін ынталандыруға бағдарланған;
- тұлғалық және кәсіптік дамуда уәждемені арттыруға бағытталған;
- Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне (профессор-оқытушылар құрамына) арналған кәсіптік стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 20 қарашадағы № 591 бұйрығына, «Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының кадр саясатына сәйкес әзірленді;

1.3 Біліктілік сипаттамалары:

- ОПҚ-ның бос лауазымдарына конкурстық орналасу;
- оқытушылардың біліктілігін арттыру мен қайта даярлауды жоспарлау;
- олардың міндеттері, құқықтары мен жауапкершілігін бекітетін ОПҚ-ның лауазымдық нұсқаулықтарын әзірлеу;
- кадрларды іріктеу мен орналастыру, оларды пайдаланудың тиімділігін бақылауды жүзеге асыру кезінде негіздеме қызметін атқарады.

1.4 Әлкей Марғұлан атындағы ППУ-дың штат кестесіндегі қызметкерлердің лауазымдар атауы осы ОПҚ-ның біліктілік сипаттамаларымен көзделген лауазымдар атауына сәйкес келуі тиіс.

1.5 Әрбір лауазымның біліктілік сипаттамасы үш бөлімнен тұрады: «Лауазымдық міндеттер», «Білуі тиіс» және «Біліктілікке қойылатын талаптар».

«Лауазымдық міндеттер» бөлімінде осы лауазымды атқаратын қызметкерге тапсырылған негізгі еңбек функциялары қамтылған.

«Білуі тиіс» бөлімінде еңбек функцияларын орындау үшін қажетті арнайы білімге, сондай-ақ қызметкер лауазымдық міндеттерін орындау кезінде қолдануы тиіс заңнамалық және нормативтік құқықтық актілер, ережелер, нұсқаулар мен басқа материалдар, әдістер және құралдарға қатысты қызметкерге қойылатын негізгі талаптар қамтылған.

«Біліктілікке қойылатын талаптар» бөлімінде лауазымдық міндеттерін орындау үшін қажетті білім туралы, ғылыми немесе академиялық дәрежесі, ғылыми атағы туралы құжатпен, сертификаттармен куәландырылған қызметкердің кәсіби дайындық деңгейіне, сондай-ақ жұмыс өтілі мен өзге шарттарға қойылатын талаптар айқындалған.

1.6 ППУ-дың ОПҚ лауазымына бұрын жемқорлық қылмыс жасамаған, соттылығы жоқ немесе болмаған және (Қазақстан Республикасы Қылмыстық – процесстік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшалары негізінде оларға қатысты қылмыстық қудалау тоқтатылған тұлғаларды қоспағанда) адам өлтіру, денсаулыққа, тұрғындардың денсаулығы және адамгершілігіне, жыныстық қол сұғылмаушылыққа қасақана зиян келтіру, экстремистік және террористік қылмыстар, адам саудасы үшін қылмыстық қудалауға жатпайтын және ұшырамаған тұлғалар жіберіледі.

2. ОПҚ лауазымдарының біліктілік сипаттамалары

2.1 Декан

Лауазымдық міндеттері:

- жоғары мектептің академиялық, тәрбиелік және ғылыми қызметін басқарады;
- жоғары мектептің даму бағдарламасын әзірлеуді, өзектендіруді және іске асыру мониторингін ұйымдастырады;
- жоғары мектептің білім беру бағдарламалары жетекшілерінің жұмысын үйлестіреді, МЖМС, кәсіптік стандарттар мен нарық сұраныстарына сәйкес ББ жобалауды, жаңартуды және іске асыруды бақылайды;
- ұлттық және халықаралық пәндік рейтингтерде ЖМ білім беру бағдарламаларының жоғары позицияларына қол жеткізуді қамтамасыз етеді (ҚР ҒЖБМ Ұлттық рейтингі, АРТА, "Атамекен" ҰКП және т.б.);
- академиялық адалдықтың, аккредиттеу стандарттарының, лицензиялық талаптардың және тәуекелдерді басқарудың ішкі жүйесінің қатаң сақталуына кепілдік береді;
- білім алушылар мен ОПҚ-ның академиялық менеджмент пен ЖМ сервистеріне қанағаттану деңгейін тұрақты мониторингілеуді және үздіксіз арттыруды ұйымдастырады.
- ЖМ ғылыми және жобалық қызметін үйлестіреді, гранттық, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру (БНҚ) және шаруашылық шарттық ғылыми-зерттеу жұмыстарының (ҒЗЖ) индикаторларының орындалуын қамтамасыз етеді;
- халықаралық рецензияланатын журналдарда (Scopus, Web of Science) ОПҚ мен ЖМ қызметкерлерінің жарияланым белсенділігін, сондай-ақ қорғау құжаттарын (патенттер және т.б.) алуды ынталандырады және бақылайды.
- ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру бойынша жұмысты ұйымдастырады: ОПҚ мен білім алушыларды стартаптар, жобалар құруға тартады;
- ЖМ білім беру, ғылыми және зерттеу ұйымдарымен халықаралық және отандық ынтымақтастықты дамытуды жүзеге асырады; шетелдік студенттерді тартуды және кадрларды интернационалдандыруды қамтамасыз етеді;
- жетекші шетелдік серіктес жоғары оқу орындарымен (топ-700 халықаралық рейтингтерді қоса алғанда) бірлескен және косдипломды білім беру бағдарламаларын әзірлеуге бастамашылық етеді және жетекшілік етеді;
- отандық және халықаралық білім беру қызметтері нарығында жоғары мектепті ілгерілетеді;
- мектеп, колледж және ЖОО түлектерінің кәсіптік бағдарлануына басшылықты жүзеге асырады; талапкерлерді қабылдау және контингенттің өсуі жөніндегі жоспарлардың орындалуын қамтамасыз етеді;
- білім алушылармен, түлектермен және сыртқы стейкхолдерлермен (жұмыс берушілермен, сарапшылармен) тиімді қарым-қатынасты жүзеге асырады;
- қоғамдық алаңда және бейіндік медиа-ресурстарда оң ақпараттық реакция, пікір мен сараптамалық баға алу үшін жұмыс берушілермен жүйелі өзара іс-қимылды ұйымдастырады;
- білім алушылардың әлеуметтік қорғалатын санаттарын атаулы қолдауды және сүйемелдеуді ұйымдастырады (тұрғын үймен қамтамасыз етуге жәрдемдесу, қосымша жұмыстарды ұйымдастыру, психологиялық көмек және т. б.);
- республикалық және халықаралық конкурстарға, олимпиадаларға, спорттық және шығармашылық біріншіліктерге нәтижелі қатысуын қамтамасыз ете отырып, дарынды студенттердің әлеуетін ашуға жағдай жасайды;
- ЖМ-ның цифрлық жетілу деңгейін арттыруды қамтамасыз етеді: оқу үдерісіне ЖИ-агенттерді, чат-боттарды, цифрлық автоматтандыру құралдарын енгізу және ЖМ-ны әкімшілендіру; ОПҚ-ның цифрлық құзыреттілік деңгейін бақылайды;
- жоғары мектептің кадрлық резервін қалыптастырады, қызметкерлердің кәсіби дамуы бойынша жұмысты ұйымдастырады.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексін, «Білім туралы», «Ғылым және технологиялық саясат туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын, Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, «Педагог» кәсіптік стандартын, Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне (профессор-оқытушылар құрамына) арналған кәсіптік стандартын, Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында ашықтық пен айқындықты қамтамасыз ету жөніндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын және білім беру жүйесінің жұмыс істеуі мен даму мәселелерін реттейтін басқа нормативтік-құқықтық актілерді, сондай-ақ құжаттаманы басқару саласындағы нормативтік құжаттарды, еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы мен өртке қарсы қорғаныс ережелері мен нормаларын білуі тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

- жоғары (бакалавриат /специалитет) және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі жоғары білім;

- ғылыми дәрежесінің болуы: ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор және (немесе) магистр академиялық дәрежесі;

- жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында немесе білім беру ұйымдарында кемінде 5 жыл жұмыс өтілі қажет.

- соңғы 5 жылда SCOPUS немесе Web of Science базасына кіретін журналдарда кемінде 1 жарияланымның болуы немесе соңғы 5 жылда ҚР ҒЖБМ ҒЖББСБК-мен ұсынылатын журналдарда (және ҚР ҒЖБМ ҒЖББСБК-ның тізімі бойынша оларға теңестірілген) кемінде 2 жарияланым.

- соңғы 3 жылда оқыту курсы үшін кемінде 72 сағат көлемінде білім берудегі менеджмент /академиялық көшбасшылық, оқытылатын пәндер бейіні, инклюзивті білім беру әдістемесі, жасанды интеллект (курстар, тағылымдамалар) саласындағы біліктілікті арттыру туралы сертификаттардың болуы.

Қосымша ақпарат

Жеке құзіреттіліктері және қасиеттері:

- ынтымақтастық және әрекеттестік;

- парасаттылық;

- көшбасшылық;

- бастамашылдық;

- күйзеліс тұрақтылығы.

2.2 Вице-декан

Лауазымдық міндеттері:

- жоғары мектепте оқу үдерісін тікелей жоспарлауды, ұйымдастыруды және жедел бақылауды жүзеге асырады;

- профессор-оқытушы құрамы оқу жүктемесінің бөлінуін және орындалуын бақылайды, штат пен сағат бойынша есеп дайындайды;

- деканның басшылығымен білім беру бағдарламаларын жобалау, жаңарту және сараптау процестеріне техникалық және әдістемелік сүйемелдеуді қамтамасыз етеді;

- жоғары мектепте академиялық адалдық пен аккредиттеу стандарттарының сақталуына мониторинг жүргізеді;

- ұлттық және халықаралық пәндік рейтингтер (ҚР ҒЖБМ Ұлттық рейтингі, АРТА, «Атамекен» ҰҚП және т.б.) үшін деректер жинауды ұйымдастырады.;

- оқу үдерісіне ЖИ-агенттерді, чат-боттарды және автоматтандырудың цифрлық құралдарын енгізу бойынша ББ жетекшілерінің жұмысын үйлестіреді;

- Scopus және Web of Science базаларында жоғары мектептің ғылыми-зерттеу жұмысы (ҒЗЖ), ОПК-ның жарияланым белсенділігі бойынша ағымдағы мониторингті және есептілікті жинауды жүзеге асырады;

- коммерцияландыру, гранттық және шаруашылық шарттық қаржыландыруға өтінімдер жинау, сондай-ақ патенттерді тіркеу жөніндегі қызметті үйлестіреді;

- магистранттар мен докторанттар жоспарларының орындалуына мониторингті қоса алғанда, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын (магистратура, докторантура) іске асыру бойынша операциялық жұмысты ұйымдастырады;

- қосдипломды бағдарламалар мен академиялық оралымдылық бойынша өзара іс-қимылды үйлестіреді;

- "Әлкей Марғұлан атындағы ППУ" КеАҚ студенттерімен өзара іс-қимыл саясатына сәйкес ЖМ студенттерінің ағымдағы тәрбие жұмысын, жастар саясатын және бос уақытын басқарады;

- академиялық топтардың кураторлары мен эдвайзерлерінің күнделікті жұмысын ұйымдастырады, бағыттайды және бақылайды;

- талантты студенттердің республикалық және халықаралық конкурстарға, олимпиадаларға, спорттық және шығармашылық біріншіліктерге қатысуын ұйымдастырады;

- мектептер, колледждер мен ЖОО түлектерін кәсіптік бағдарлау жөніндегі жоспарлардың практикалық орындалуын үйлестіреді, жоғары мектептің қабылдау науқанын өткізуді қамтамасыз етеді;

- білім алушылардың және ОПК-ның академиялық менеджментпен және ЖМ сервистерімен қанағаттануына тұрақты мониторинг жүргізеді, декан үшін талдамалық анықтамалар дайындайды;

- тәуекелдерді басқарудың ішкі жүйесі, аудиторлық және лицензиялық тексерулер үшін жоғары мектеп бойынша жиынтық құжаттаманы дайындауды қамтамасыз етеді;

- ЖМ ОПК біліктілікті арттыру курстарының кестесін қалыптастырады және өтуін бақылайды.

Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, «Білім туралы», «Ғылым және технологиялық саясат туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын, Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, «Педагог» кәсіптік стандартын, Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне (профессор-оқытушылар құрамына) арналған кәсіптік стандартын, Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында ашықтық пен айқындықты қамтамасыз ету жөніндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын және білім беру жүйесінің жұмыс істеуі мен даму мәселелерін реттейтін басқа нормативтік-құқықтық актілерді және академиялық адалдық қағидаттарын; ЖОО-ны автоматтандырудың цифрлық жүйелерін (LMS, инфожүйелер) меңгеру, сондай-ақ құжаттаманы басқару саласындағы нормативтік құжаттарды, еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы мен өртке қарсы қорғаныс ережелері мен нормаларын білуі тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

- жоғары (бакалавриат/специалитет) және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі (ғылыми-педагогикалық бағыт) жоғары білім;

- ғылыми дәрежесінің болуы: ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор және (немесе) магистр академиялық дәрежесі;

- жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында немесе білім беру ұйымдарында кемінде 3 жыл жұмыс өтілі;

- соңғы 3 жылда оқыту курсы үшін кемінде 72 сағат көлемінде білім берудегі менеджмент /академиялық көшбасшылық, оқытылатын пәндер бейіні, инклюзивті білім беру әдістемесі,

жасанды интеллект (курстар, тағылымдамалар) саласындағы біліктілікті арттыру туралы сертификаттардың болуы.

- соңғы 5 жыл ішінде журналдарда кемінде 2 мақаланың болуы (конференцияларға қатысу).

Қосымша ақпарат

Жеке құзіреттіліктері және қасиеттері:

- ынтымақтастық және әрекеттестік;
- парасаттылық;
- көшбасшылық;
- бастамашылдық;
- күйзеліс тұрақтылығы.

2.3 Білім беру бағдарламасының жетекшісі

Лауазымдық міндеттері:

- ҚР МЖМС, кәсіптік стандарттарға, еңбек нарығының талаптарына және ESG стандарттарына сәйкес білім беру бағдарламасын тікелей әзірлеуді, жыл сайынғы жаңартуды, мониторингті және жетілдіруді жүзеге асырады;

- білім беру бағдарламасының даму жоспарын қалыптастырады, оны жоғары мектептің даму бағдарламасымен келістіреді және оның жүз пайыз орындалуын қамтамасыз етеді;

- жұмыс берушілерді, бейінді сарапшыларды, білім алушылар мен түлектерді ББ-ны жобалауға, сараптауға және рецензиялауға тартады; ББ әзірлеу үшін академиялық комитеттің тұрақты отырыстарын ұйымдастырады;

- ұлттық және халықаралық пәндік рейтингтерде (ҚР ҒЖБМ Ұлттық рейтингінде, АРТА, "Атамекен" ҰКП және т.б.) ББ нысаналы көрсеткіштеріне қол жеткізуді қамтамасыз етеді, мамандандырылған аккредиттеу үшін ББ өзін-өзі бағалау бойынша есептер дайындауды ұйымдастырады.

- ОПҚ-ға бекітілген ОПҚ және студенттер арасында академиялық адалдық (плагиаттың алдын алу, бағалаудың объективтілігі) қағидаттарын және тәуекелдерді басқарудың ішкі жүйесі (ТБЖ) стандарттарын қатаң сақтауға кепілдік береді;

- ББ пәндерін іске асыратын ОПҚ-ның оқу, әдістемелік және академиялық жұмысын ұйымдастырады және басқарады; бағдарламаны кадрлық қамтамасыз етуді айқындайды және деканға оқу жүктемесін бөлу жөніндегі ұсыныстар енгізеді;

- инновациялық пәнаралық курстарды, оның ішінде қосымша және формальды емес білім беру бағдарламаларын енгізе отырып, элективті пәндер каталогтары мен модульдік білім беру бағдарламаларын әзірлейді және өзектендіреді;

- ББ бойынша кадр резервін қалыптастырады, бекітілген оқытушылардың біліктілікті арттыру курстарынан өтуін жоспарлайды және бақылайды;

- университеттің құрылымдық бөлімшелерімен контингент қозғалысы және ББ студенттерінің үлгерімі мәселелері бойынша операциялық өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді;

- студенттердің ББ пәндерін оқыту сапасына және академиялық сервистерге қанағаттану деңгейіне мониторинг жүргізу бойынша жұмысты үйлестіреді; анықталған тапшылықтарды жою бойынша уақытылы шаралар қабылдайды;

- ББ шеңберінде ОПҚ мен студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын үйлестіреді; ЖОО-ның кіріс бөлігінің өсуін қамтамасыз ету үшін оқытушыларды гранттық (МФ, БНҚ) және шаруашылық шарттық қаржыландыру конкурстарына тартуды қамтамасыз етеді;

- Scopus және Web of Science рецензияланатын дереккөздерінде ББ ОПҚ жарияланым белсенділігі бойынша индикаторлардың орындалуын, сондай-ақ қорғау құжаттарын (патенттер және т. б.) алуды бақылайды;

- студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысына (СҒЗЖ) басшылық етеді: стартаптарға, жобаларға қатысу және олардың ғылыми-техникалық қызметінің нәтижелерін коммерцияландыру үшін ББ білім алушыларын ынталандырады және үйлестіреді;

- шетелдік серіктес жоғары оқу орындарымен бірлескен және қосдипломды оқыту траекторияларын әзірлеуге бастамашылық жасайды және әдістемелік сүйемелдейді (ТОП-700 халықаралық рейтингтерге бағдарлана отырып), студенттер мен ОПҚ-ның ішкі және сыртқы академиялық оралымдылығын дамытады;

- ББ бейініне бекітілген Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларына (магистратура, докторантура) сапалы басшылық жасауды және іске асырылу мониторингін қамтамасыз етеді;

- мектептер, колледждер мен ЖОО түлектері арасында кәсіптік бағдар беру жұмысына тікелей басшылықты жүзеге асырады; талапкерлерді қабылдау және ББ контингентінің өсуі бойынша жоспарларды орындау үшін презентациялар, ашық есік күндері мен шеберлік сыныптарын ұйымдастырады;

- білім беру қызметтері нарығында білім беру бағдарламасын орналастырады: сайтқа, әлеуметтік желілерге және БАҚ-қа контент дайындайды; жұмыс берушілерден қоғамдық аланда оң ақпараттық реакциялар (пікір, комментарий) алуды ұйымдастырады;

- тәлімгерлік жүйесін ұйымдастырады және ББ дарынды студенттерін анықтайды, олардың республикалық және халықаралық пәндік олимпиадаларға, ғылыми жобалар конкурстарына және шығармашылық біріншіліктерге қатысуға мақсатты дайындығын қамтамасыз етеді;

- ББ шеңберінде тәрбие жұмысын үйлестіреді (эдвайзерлер/кураторлар арқылы), құндылықтардың тәрбие үдерісіне интеграциялануын қамтамасыз етеді және ББ әлеуметтік қорғалатын студенттерінің қажеттіліктеріне бастапқы мониторинг жүргізеді;

- ББ-ның цифрлық трансформациясын қамтамасыз етеді: университеттің LMS жүйесінде пәндердің оқу-әдістемелік кешендерінің жүз пайыз толтырылуын бақылайды;

- оқытудың күнделікті міндеттерін автоматтандыру үшін мамандандырылған ЖИ-агенттерді, чат-боттарды және цифрлық тренажерлерді әзірлеу мен оқу үдерісіне енгізуге бастамашылық етеді; ББ іске асыратын ОПҚ-ның цифрлық құзыреттіліктерінің деңгейін бақылайды.

Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, «Білім туралы», «Ғылым және технологиялық саясат туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын, Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, «Педагог» кәсіптік стандартын, Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне (профессор-оқытушылар құрамына) арналған кәсіптік стандартын, Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында ашықтық пен айқындықты қамтамасыз ету жөніндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын және білім беру жүйесінің жұмыс істеуі мен даму мәселелерін реттейтін басқа нормативтік-құқықтық актілерді, сондай-ақ құжаттаманы басқару саласындағы нормативтік құжаттарды, еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы мен өртке қарсы қорғаныс ережелері мен нормаларын білуі тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

- жоғары (бакалавриат/специалитет) және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі (ғылыми-педагогикалық бағыт) жоғары білім;

- ғылыми дәрежесінің болуы: ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор. Ғылыми дәрежесі бар үміткерлер болмаған жағдайда магистр академиялық дәрежесі (ғылыми-педагогикалық бағыт) бар үміткерлерге рұқсат беріледі;

- жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында кемінде 3 жыл жұмыс өтілі;

- соңғы 3 жылда оқыту курсы үшін кемінде 72 сағат көлемінде білім берудегі менеджмент /академиялық көшбасшылық, оқытылатын пәндер бейіні, инклюзивті білім беру әдістемесі, жасанды интеллект (курстар, тағылымдамалар) саласындағы біліктілікті арттыру туралы сертификаттардың болуы.

- соңғы 5 жылда SCOPUS немесе Web of Science базасына кіретін журналдарда кемінде 1 жарияланымның болуы немесе соңғы 5 жылда ҚР ҒЖБМ ҒЖББСБК-мен ұсынылатын журналдарда (және ҚР ҒЖБМ ҒЖББСБК-ның тізімі бойынша оларға теңестірілген) кемінде 2 жарияланым.

Қосымша ақпарат

Жеке қүзіреттіліктері және қасиеттері:

- ынтымақтастық және әрекеттестік;
- парасаттылық;
- көшбасшылық;
- бастамашылдық;
- күйзеліс тұрақтылығы.

2.4 Профессор А

Лауазымдық міндеттері:

- студенттік орталықтандырылған оқыту және бағалау қағидаттарын ескере отырып, оқу сабақтарының барлық түрін ұйымдастырады және өткізеді;
- білім, ғылым және инновациялардың интеграциясын ескере отырып, оқытылатын пәндер бойынша оқу-әдістемелік материалдарды әзірлейді;
- цифрлық технологияларды пайдалана отырып, білім алушылармен кері байланыс орнатады;
- мамандықтың ерекшелігін (жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағыты бойынша) оқу сабақтарын жоспарлау, ұйымдастыру және өткізуде ескереді;
- мамандықтағы (жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағыты бойынша) инновацияларды оқу процесіне экстраполяциялайды;
- ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды/шығармашылық жобаларды орындауға қатысады;
- ғылыми нәтижелілік пен жарияланым белсенділігін арттырады;
- ұлттық және халықаралық деректер базасымен жұмыс істейді;
- бакалавриат және магистратура білім алушыларының зерттеу дағдыларын диагностикалауды жүргізеді;
- бакалавриат және магистратура білім алушыларының зерттеушілік, оның ішінде жарияланымдық белсенділігін дамыту және қолдау стратегияларын қолданады;
- бакалавриат және магистратура білім алушыларын ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға тартады;
- оқу сабақтарын өткізу кезінде психологиялық-педагогикалық білім мен пәндік саладағы білімнің интеграциясын қамтамасыз етеді;
- оқу процесінде ғылыми-әдістемелік өнімдерді әзірлейді және қолданады;
- жас оқытушыларға тәлімгерлік етеді;
- ЖЖОКБҰ саясаты мен рәсімдеріне сәйкес білім беру ортасы мен ұйымдық мәдениетті қолдайды және дамытады;
- білім алушылардың азаматтық және кәсіби белсенділігін арттыруға ықпал етеді;
- академиялық адалдық пен парасаттылық қағидаттарын сақтайды;
- білім алушылардың таңдаған мамандығына тұрақты қызығушылығын қалыптастырады;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет қағидаттарын сақтайды;
- білім алушылармен, әріптестермен және ЖЖОКБҰ қызметкерлерімен оңтайлы қарым-қатынас құрады;
- ЖЖОКБҰ әріптестерімен және қызметкерлерімен командада жұмыс істейді;
- білім алушыларды қоғамдық жастар қозғалыстары мен ұйымдарына тартады;
- жұмыс берушілерді болашақ мамандарды даярлау процесіне тартады;

- дайындық бағыты бойынша сала қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламаларын әзірлейді және енгізеді;

- жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім сапасының кепілдігі бойынша құрылымдарда жұмыс істейді;

- түрлі деңгейдегі бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде өзекті мақалалар жариялайды.

Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, «Білім туралы», «Ғылым және технологиялық саясат туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын, Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, «Педагог» кәсіптік стандартын, Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне (профессор-оқытушылар құрамына) арналған кәсіптік стандартын, Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында ашықтық пен айқындықты қамтамасыз ету жөніндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын және білім беру жүйесінің жұмыс істеуі мен даму мәселелерін реттейтін басқа нормативтік-құқықтық актілерді, ЖЖОКБҰ-да білім беру-ғылыми процесті жоспарлау мен ұйымдастырудың негізгі талаптарын, студенттік орталықтандырылған оқыту және бағалау қағидаттары, оқытылатын пәндердің мазмұнын, білім берудегі инновацияларды, практика бағытталған оқыту әдістері мен технологияларын, мамандық саласындағы қазіргі үрдістерді (жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді даярлау бағыты бойынша), бакалавриат және магистратура білім алушыларының ғылыми зерттеулерінің ерекшелігін, ғылыми зерттеулерде бакалавриат, магистратура білім алушыларының ынтасы мен белсенділігін арттыру стратегияларын, жоғары білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілерді (оның ішінде Ұлттық біліктілік жүйесі), психологиялық-педагогикалық және пәндік (арнайы) білімді интеграциялау тетіктері мен қағидаттарын, заманауи және инновациялық (оның ішінде цифрлық) оқыту технологияларын, педагогикалық менеджмент және жас ерекшелік психологиясын, педагогикалық аксиологияны, жастар ортасында және қоғамда жаһандық және ұлттық құндылықтарды ілгерілету тұжырымдамалары, стратегиялары, тетіктерін, педагогикалық деонтологияны, басқа мамандықтардың деонтологиялық тұжырымдамаларын (жоғары білім беруді даярлау бағыты бойынша), мамандықтың құндылық белгілерінің ерекшелігін (жоғары білім беруді даярлау бағыты бойынша), білім алушылармен педагогикалық өзара іс-қимыл қағидаттарын, академиялық және кәсіби ортадағы коммуникация стратегиялары мен тетіктерін, шетелдік және қазақстандық жастар қозғалыстарының (волонтерлік, жасыл жасақтар, скауттар) және ұйымдардың саясаты мен стратегияларын, халықаралық және қазақстандық еңбек нарығындағы инновациялық процестерді білуі тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

- жоғары (бакалавриат) және жоғары оқу орнынан кейінгі (ғылыми-педагогикалық бағыт) немесе жоғары (специалитет) білім;

- ғылыми дәрежесі, дәрежесі: ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор;

- ғылыми атағы: профессор;

- ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі: кемінде 5 жыл;

- соңғы 5 жылда SCOPUS немесе Web of Science базасына кіретін журналдарда кемінде 2 жарияланымның болуы (35 процентиль) (01.09.2026 ж. бастап 5 жыл ішінде кемінде 2 жарияланым (50 процентиль));

- соңғы 5 жылда ҚР ҒЖБМ ҒЖББСБК-мен ұсынылатын журналдарда (және ҚР ҒЖБМ ҒЖББСБК-ның тізімі бойынша оларға теңестірілген) кемінде 5 жарияланым; соңғы 5 жыл ішінде журналдарда кемінде 5 мақаланың болуы (конференцияларға қатысу). Соңғы 5 жылда 1 оқу құралын (оқу-әдістемелік құралдан басқа, оқулық, монография) басып шығару.

- соңғы 3 жылда оқыту курсы үшін кемінде 72 сағат көлемінде оқытатын пәннің бейінінен, жасанды интеллект, инклюзивті білім беру әдістемесінен біліктілікті арттыру (курс, тағылымдама) туралы сертификаттың болуы.

Қосымша ақпарат

Жеке құзіреттіліктері және қасиеттері:

- ізгі ниеттілік;
- байланысқа бейімділік;
- бастамашылдық;
- эмпатия;
- күйзеліс тұрақтылығы;
- эмоция байсалдылығы;
- кәсіптік және әлеуметтік жауапкершілік;
- оқытушылық және зерттеушілік дағдыларды дамыту қабілеті.

2.5 Профессор Б

Лауазымдық міндеттері:

- студенттік орталықтандырылған оқыту және бағалау қағидаттарын ескере отырып, оқу сабақтарының барлық түрін ұйымдастырады және өткізеді;
- білім, ғылым және инновациялардың интеграциясын ескере отырып, оқылатын пәндер бойынша оқу-әдістемелік материалдарды әзірлейді;
- цифрлық технологияларды қолдана отырып, білім алушылармен кері байланысты орнатады;
- әлемдік трендтерге сәйкес (жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді даярлау бағыты бойынша) білім беру процесіне педагогикалық инновацияларды енгізеді;
- мамандықтағы (жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді даярлау бағыты бойынша) инновацияларды оқу процесіне экстраполяциялайды;
- ғылыми-зерттеу, оның ішінде пәнаралық, халықаралық жұмысын (зерттеу нәтижелерін кейіннен коммерцияландыра отырып) орындауға басшылық етеді және/немесе қатысады;
- жас ғалымдарды ғылыми-зерттеу жұмысына тартады;
- жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында құрылымдық бірліктерінің ғылыми бағыты бойынша ғылыми-зерттеу жұмысын (институттар, орталықтар, кафедралар, ғылыми зертханалар) ұйымдастырады, басшылық етеді және қатысады;
- ғылыми нәтижелілік пен жарияланым белсенділігін арттырады;
- ұлттық және халықаралық дерекқорлармен жұмыс істейді;
- жас ғалымдардың зерттеу дағдыларын диагностикалауды жүргізеді;
- зерттеушілік, оның ішінде жас ғалымдардың публикациялық белсенділігін дамыту және қолдау стратегияларын қолданады;
- оқу-әдістемелік жұмысты жоспарлайды және ұйымдастырады және әдістемелік құзыреттілікті дамытады;
- сабақтардың барлық түрін жоспарлау және өткізу кезінде пәндік саладағы білім мен психологиялық-педагогикалық білімнің ықпалдасуын қамтамасыз етеді;
- жетекшілік ететін пәндер бойынша оқу сабақтарының барлық түрінің оқу, оқу-әдістемелік жұмысын және профессор-оқытушылар құрамымен өткізу сапасын жоспарлайды, ұйымдастырады, бақылайды;
- жетекшілік ететін пәндерді әдістемелік қамтамасыз етуді бақылайды, жинақтайды және әзірлейді;
- жоғары білім беру мәселелері бойынша ғылыми-әдістемелік жұмысқа қатысады;
- ЖЖОКБҰ саясаты мен рәсімдеріне сәйкес білім беру ортасы мен ұйымдық мәдениетті қолдайды және дамытады;
- білім алушылардың азаматтық және кәсіби белсенділігін арттыруға ықпал етеді;

- академиялық адалдық пен парасаттылық қағидаттарын сақтайды;
- білім алушылардың таңдаған мамандығына тұрақты қызығушылығын қалыптастырады;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет қағидаттарын сақтайды;
- білім алушылармен кәсіптік-педагогикалық коммуникацияны қамтамасыз етеді;
- жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарындағы
 - қызметкерлермен және әріптестермен іскерлік, сындарлы коммуникация (оның ішінде командалық және коллаборативті) құрады;
 - жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру сапасына кепілдік беру жөніндегі алқалы органдарда (академиялық комитеттер) жұмыс істейді;
 - білім алушыларды қоғамдық жастар қозғалыстары мен ұйымдарына тартады;
 - болашақ мамандарды даярлау процесіне жұмыс берушілерді тартады;
 - жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру сапасының кепілдігі бойынша құрылымдарда жұмыс істейді;
 - дайындық бағыты бойынша сала қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламаларын әзірлейді және енгізеді;
 - түрлі деңгейдегі бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде өзекті мақалалар жариялайды.

Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, «Білім туралы», «Ғылым және технологиялық саясат туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын, Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, «Педагог» кәсіптік стандартын, Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне (профессор-оқытушылар құрамына) арналған кәсіптік стандартын, Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында ашықтық пен айкындықты қамтамасыз ету жөніндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын және білім беру жүйесінің жұмыс істеуі мен даму мәселелерін реттейтін басқа нормативтік-құқықтық актілерді, ЖЖОКБҰ-да білім беру-ғылыми процесті жоспарлау мен ұйымдастырудың негізгі талаптарын, студенттік орталықтандырылған оқыту және бағалау қағидаттары, оқытылатын пәндердің мазмұнын, білім берудегі инновацияларды, практика бағытталған оқыту әдістері мен технологияларын, мамандық саласындағы қазіргі үрдістерді (жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді даярлау бағыты бойынша), бакалавриат және магистратура білім алушыларының ғылыми зерттеулерінің ерекшелігін, ғылыми зерттеулерде бакалавриат, магистратура білім алушыларының ынтасы мен белсенділігін арттыру стратегияларын, жоғары білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілерді (оның ішінде Ұлттық біліктілік жүйесі), психологиялық-педагогикалық және пәндік (арнайы) білімді интеграциялау тетіктері мен қағидаттарын, заманауи және инновациялық (оның ішінде цифрлық) оқыту технологияларын, педагогикалық менеджмент және жас ерекшелік психологиясын, педагогикалық аксиологияны, жастар ортасында және қоғамда жаһандық және ұлттық құндылықтарды ілгерілету тұжырымдамалары, стратегиялары, тетіктерін, педагогикалық деонтологияны, басқа мамандықтардың деонтологиялық тұжырымдамаларын (жоғары білім беруді даярлау бағыты бойынша), мамандықтың құндылық белгілерінің ерекшелігін (жоғары білім беруді даярлау бағыты бойынша), білім алушылармен педагогикалық өзара іс-қимыл қағидаттарын, академиялық және кәсіби ортадағы коммуникация стратегиялары мен тетіктерін, шетелдік және қазақстандық жастар қозғалыстарының (волонтерлік, жасыл жасақтар, скауттар) және ұйымдардың саясаты мен стратегияларын, халықаралық және қазақстандық еңбек нарығындағы инновациялық процестерді, сондай-ақ құжаттаманы басқару саласындағы нормативтік құжаттарды, еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы мен өртке қарсы қорғаныс ережелері мен нормаларын білуі тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

- жоғары (бакалавриат) және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі (ғылыми-педагогикалық бағыт) немесе жоғары (специалитет) білім;

- ғылыми дәрежесі, дәрежесі: ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор;

- ғылыми атағы: доцент немесе қауымдастырылған профессор (доцент);

- кемінде 5 (бес) жыл ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі;

- соңғы 5 жылда SCOPUS немесе Web of Science базасына кіретін журналдарда кемінде 2 жарияланымның болуы (35 процентиль), соңғы 5 жылда ҚР ҒЖБМ ҒЖББСБК-мен ұсынылатын журналдарда (және ҚР ҒЖБМ ҒЖББСБК-ның тізімі бойынша оларға теңестірілген) кемінде 5 жарияланым; соңғы 5 жыл ішінде журналдарда кемінде 5 мақаланың болуы (конференцияларға қатысу). Соңғы 5 жылда 1 оқу құралын (оқу-әдістемелік құралдан басқа, оқулық, монография) басып шығару.

- соңғы 3 жылда оқыту курсы үшін кемінде 72 сағат көлемінде оқытатын пәннің бейінінен, жасанды интеллект, инклюзивті білім беру әдістемесінен біліктілікті арттыру (курс, тағылымдама) туралы сертификаттың болуы.

Қосымша талаптар:

Жеке құзіреттіліктері және қасиеттері:

- ізгі ниеттілік;

- байланысқа бейімділік;

- бастамашылдық;

- эмпатия;

- күйзеліс тұрақтылығы;

- эмоция байсалдылығы;

- кәсіптік және әлеуметтік жауапкершілік;

- оқытушылық және зерттеушілік дағдыларды дамыту қабілеті.

Зейнеткерлік жасқа толған адамдар үшін (біліктілікке қойылатын төменде көрсетілген талаптар сәйкес келген жағдайда) профессор лауазымына тағайындау және одан босату білім беру бағдарламасы жетекшісінің және ЖМ деканының өтініші бойынша ауысу тәртібімен Басқарма Төрағасы – Ректордың бұйрығымен жүзеге асырылады, кейіннен жыл сайын ұзартылуы мүмкін.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

- жоғары (бакалавриат / специалитет) және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім

- ғылыми дәрежесі, дәрежесі: ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор / еңбек сіңірген жаттықтырушы;

- ғылыми атағы: доцент немесе қауымдастырылған профессор (доцент)

- "Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің құрметті профессоры және «Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» КеАҚ-да кемінде 20 (жиырма) жыл үздіксіз жұмыс өтілі;

Лауазымдық міндеттері:

- қағидаттарды ескере отырып, оқу сабақтарының барлық түрін ұйымдастырады және өткізеді;

- студенттік орталықтандырылған оқыту және бағалау;

- білім, ғылым және инновациялардың интеграциясын ескере отырып, оқытылатын пәндер бойынша оқу-әдістемелік материалдарды әзірлейді;

- білім беру үдерісіне әлемдік трендтерге сәйкес педагогикалық инновацияларды енгізеді (жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағыты бойынша);

- жас ғалымдарды ғылыми-зерттеу жұмыстарына тартады;

- университеттің ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысады;

- оқу-әдістемелік жұмысты жоспарлайды және ұйымдастырады және әдістемелік құзыреттілікті дамытады;

- оқу сабақтарының барлық түрін жоспарлау және өткізу кезінде пәндік саладағы психологиялық-педагогикалық білім мен білімнің интеграциясын қамтамасыз етеді;

- жетекшілік ететін пәндер бойынша оқу, оқу-әдістемелік жұмысты және оқу сабақтарының барлық түрлерін өткізу сапасын жоспарлайды, ұйымдастырады, бақылайды;

- жетекшілік ететін пәндерді әдістемелік қамтамасыз етуді бақылайды, жинақтайды және әзірлейді;

- жоғары білім беру мәселелері бойынша ғылыми-әдістемелік жұмысқа қатысады;

- университеттің саясаты мен рәсімдеріне сәйкес білім беру ортасы мен ұйымдастырушылық мәдениетті қолдайды және дамытады;

- білім алушыларда қазақстандық патриотизмді тәрбиелейді, білім алушылардың азаматтық және кәсіби белсенділігін арттыруға ықпал етеді;

- академиялық адалдық пен парасаттылық қағидаттарын сақтайды;

- білім алушылардың таңдаған мамандығына тұрақты қызығушылығын қалыптастырады;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет қағидаттарын сақтайды;

- білім алушылармен кәсіби-педагогикалық қарым-қатынасты қамтамасыз ету.

Қосымша ақпарат

Жеке құзіреттіліктері және қасиеттері:

- ізгі ниеттілік;

- байланысқа бейімділік;

- бастамашылдық;

- эмпатия;

- күйзеліс тұрақтылығы;

- эмоция байсалдылығы;

- кәсіптік және әлеуметтік жауапкершілік;

- оқытушылық және зерттеушілік дағдыларды дамыту қабілеті.

2.6 Қауымдастырылған профессор А

Лауазымдық міндеттері:

- студенттік орталықтандырылған оқыту және бағалау қағидаттарын ескере отырып, оқу сабақтарын ұйымдастырады және өткізеді;

- білім, ғылым және инновациялардың интеграциясын ескере отырып, оқытылатын пәндер бойынша оқу-әдістемелік материалдарды әзірлейді;

